

«Сейфуллин оқулары – 16: Жаңа формациядағы жастар ғылыми – Қазақстанның болашағы» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Международной научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 16: Молодежная наука новой формации – будущее Казахстана. - 2020. - Т.II. - Б. 385-386

ОҚЫТУ ПРОЦЕСІНДЕ ТЕСТІК ӘДІСТЕРДІ ҚОЛДАНУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Габдуллина К.

Тест - сапалық және сандық дара ерекшеліктерін, оқытылатын пәннің ерекшеліктерін есепке ала отырып, стандартқа негізделген, қысқа, шектеулі уақыт бірлігінде білім, білік, дағдыларды сынау атайды. Оқыту процесінде тестік әдістерді қолдану келесі мақсат-міндеттерді қарастырады, олар: тестік әдістерің мазмұнын, формаларын, мәселелерін таңдау, қарастыру және тестік әдістерді қолдану шарттарымен танысу, талдау және оларды қолдану.

Педагогика саласында отандық шетелдік көптеген ғалымдар тестік тапсырмаларын құрастырудың әдіснамасын ұсынған, олар: Дж. Фишер, Ф. Гальтон, Дж. Кеттел, А. Бинен, В.Аванесов.

Жалпы тесттік әдістер оқу жағдайында кеңінен қолданылуда, және осы әдістерді қолдану қазіргі білім беру саласының ажырамас бөлігіне айналған. Себебі білім алушылардың дайындық деңгейін дамыту мен жалпы білім сапасын болжаудың тиімді құралы ретінде пайдаланылады.

Тестілеу үш негізгі өзара байланысты функцияларды орындайды. Олар білім беру мен тәрбие тұрғысында және білік, білік, дағдыны диагностикалауда қолданылады. Бұл тестілеудің негізгі және ең айқын функциясы. Объективтілігі, диагностикалаудың кеңдігі мен жылдамдығы бойынша тестілеу педагогикалық бақылаудың басқа формаларынан асып түседі.

Тестілеу білім берудің негізгі функциясы ретінде білім берушілердің оқу материалын меңгеруге талпындырады және оларды ынталандырудан тұрады.

Аталған функциялар оқытуда толық жүзеге асу үшін оны қолданудың талаптарын орындау қажет.

Біз зерттеу жұмысымызды В.Аванесовтың тест жасау әдіснамасына негіздедік. В.С.Аванесов бойынша тест тапсырмаларының 4 формасын анықтаған, және олар төмендегідей сипатталады:

- 1) жабық тест (бір немесе бірнеше дұрыс жауабын табу);
- 2) ашық тест (жауап варианттары жоқ, жауапты өзі қою);
- 3) сәйкесін табуға арналған тест (бірнеше тапсырма мен бірнеше жауап беріліп, сәйкесін табу);

4) ретімен орналастыруға арналған тест (алған білімді жүйелі ретімен айта білуге арналған).

Тест әдісінің өзектілігі оның басқа педагогикалық әдістердің алдында сөзсіз артықшылықтарымен түсіндіріледі. Бес негізгі артықшылығы:

1. Сыналушылардың дайындық деңгейіне объективті баға алуға мүмкіндік беретін тестінің жоғары ғылыми негізділігі;

2. Тестілік әдістердің технологиялылығы;

3. Өлшеу дәлдігі;

4. Барлық пайдаланушылар үшін бірдей педагогикалық бақылау жүргізу және тест нәтижелерін барабар интерпретациялау ережелерінің болуы;

5. Тестілік технологияның басқа заманауи білім беру технологияларымен үйлесуі.

Студенттердің ойлау мәдениетін қалыптастыру, жеке адамның ішкі әлемін, өзіндік түсінігінің дамуын қамтамасыз ету, оқытуда белгілі бір нәтижеге жету мақсатында ғалымдар оқу үдерісін «технологияландыру», яғни оқытуда кепілді нәтиже беретін «өндірістік-технологиялық процеске айналдыру» мәселесін көтеруде.

Технология – шеберлікпен өнім алу, нәтижеге жету, белгілі бір жоба, модульмен оқыту. Оқыту технологиясының негізгі мақсаты – берілген үлгі бойынша өнім алу, оқытудың тиімділігін, сапасын көтеру.

Тест тапсырмалары арқылы оқытуды технологиялық әдіс деп санайтын Ресей тестологі В.С.Аванесов «Тест тапсырмаларын қолдану тек білімді тексеріп қана қою емес, оның басты қолданылу ортасы оқу процесі, өзін-өзі тексеру мен өздігінен білім алу процесі», - дейді.

Білім беру жүйесінде тапсырма сұрақ, жаттығу түрінде беріліп келді. Тапсырмалардың осылай берілуін сынға алған В.С.Аванесов: «Сұрақтар мен оған берілетін жауаптар кейде айқын емес, көпсөзділікке ұрындырады, нақты жауапты табу интеллектуалды энергияны көп жұмсауды қажет етеді», - дей келе, тестілеудің технологиялық әдісі дұрыс жауап пен қате жауапты дәл және тез ажырата алуға әкелетінін атап көрсетеді.

Оқу үдерісіндегі тапсырмалар екіге бөлінеді: оқыту тапсырмалары және бақылау тапсырмалары. Бірінші тапсырмалар оқу үдерісінде жеке тұлғаны дамыту үшін, екінші тапсырмалар оқу үдерісі аяқталған соң, алған білім деңгейін анықтау үшін пайдаланылады.

Пайданылған әдебиеттер тізімі

1. Белнап Д.Н., Стил Т.Б. Логика вопросов и ответов/ Пер.с англ.- М.: Прогресс, 1981.- 288с.т

2.Аванесов В.С., Володин Б.В. Вопросы применения тестов для контроля знаний студентов//Научная организация учебного процесса вып. 3, ч.1 М.; МИФИ, 1976,- С.102-107.

3.Аванесов В.С.,Володин Б.В.,Короза В.И. Опыт построения теста для оценки знаний студентов//Научная организация учебного процесса. Вып. 3, ч.1 М.:МИФИ, 1976.- С.108-117.

*Ғылыми жетекіші: Сағалиева Ж.К.
п.ғ.к. аға оқытушы*